

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық институты КеАҚ



«ДОСБОЛ LIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ



«ДосболLike» білім беру ұйымдарында БУЛЛИНГТІҢ алдын алу бағдарламасы бойынша ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



МАҚСАТЫ

Әлеуметтік тәжірибелер арқылы оқыту негізінде сынып, мектеп ұжымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал құру.



МІНДЕТТЕРІ


- Позитивті қарым-қатынастың маңыздылығын түсінуді тереңдету
- Өз сөздері мен әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру
- Өзара әрекеттесу, қарым-қатынас, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі көрсету дағдыларын дамыту





Жобалар тақырыптары

СЫНЫП	ТАҚЫРЫПТАР
1	Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз
2	МЕН+СЕН=БІЗ
3	Әрқайсымыз бірегейміз
4	Сөз энергиясы
5	Күйзеліс: дос па әлде жау ма?
6	Жанжалдарды басқару өнері
7	Өзімнің және өзгелердің шекаралары
8	Ұжымның күші
9	Өміршеңдік ресурстары
10	Шабыттандыратын көшбасшылық
11	Өзіме де, өзгеге де жауаптымын



**«Досболіке» бағдарламасы
бойынша буллингтің алдын алуға
бағытталған жобалық қызметті
іске асыру барысында
туындайтын қиындықтар**


**Жобаны табысты іске асыру үшін
мынадай шарттар қамтамасыз
етілуі тиіс:**




- Сынып жетекшілерінің жоба әдісінің ерекшеліктерін жалпы түсінуі
- Сынып жетекшілерінің идеяның жаңалығына байланысты жобалық қызметтің осы түрінің ерекшеліктерін түсінуі
- Жобалау қызметін жоспарлау және басқару дағдыларын жақсы меңгеру
- Уақыт шеңбері
- Оқушылардың жобалық қызметті жүргізуге дайындығы
- Жобаға оқушылардың көзімен қарау мүмкіндігі: мақсаты мен міндеттерін, жобалық істерді және т. б. тұжырымдау.
- Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде әрбір қатысушының белсенділігін көру мүмкіндігі
- Жобаның әрбір қатысушысының үлесін объективті талдау мүмкіндігі
- Ата-аналарды, серіктестерді жобалық қызметке тарту



Жобалық қызметті ұйымдастыруға көзқарастың ерекшелігі – сабақта арнайы дағдыларды дамыту (сынып сағаттары форматында) және жобаның әр кезеңінде практикалық қызмет (салдары).



Әрсыныпта (1-ден 11-ге дейін) жобаның 4 кезеңінің әрқайсысында негізгі кезең болып табылатын 4 сабақ қарастырылған.



Сабақты шартты түрде екі бөлікке бөлуге болады: ақпараттық-практикалық және жобалық. Мәселені анықтау, тақырыпты жариялау, жобаның мақсатын, міндеттерін тұжырымдау, ұжымдық істер жоспарын құру сабақта жүзеге асырылады.

Сабақ 6-сынып «ЖАНЖАЛДЫ БАСҚАРУ ӨНЕРІ» жобалық қызметі

Кезеңдері

- 1.Көпшіліктің арасындамын.
- 2.Тиімді қарым-қатынас дағдылары.
- 3.Жасөспірімдер ортасындағы диджитал.
- 4.Позитивті қарым-қатынастың күші.

Сабақтарда оқытудың **интерактивті әдістерін** қолдана отырып білім беру қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формалары қолданылады:

- «Біздің сыныптағы қатынастар» тесті
- «Жанжалдардың себептері» ми шабуылы

Ақпараттық блок: жанжалдан шығу құралдарымен танысу; бақылау мен талдауды ұйымдастыру арқылы оның барлық қатысушылары үшін буллингтің зияндылығы туралы түсініктерді тереңдету

Топтық жұмыс: алынған ақпарат негізінде шағын топтарда шағын зерттеу

Кейс-стади: бейнероликті қарау, жағдайды талқылау

«Біз бір-бірімізден қалай ерекшеленеміз?» ойыны

«Шеттету қабырғасы» жаттығуы: интернеттегі жәбірлеуге қатысушыларды анықтау

«Интернеттегі дәрекілік пен қорлаудан қалай қорғануға болады?» жадынамасын әзірлеу тапсырмасын қойылымтүрінде ұсыну

«Жоба және мен жаттығуы: өзіндік талдау және қатысушылардың рефлексиясы» туралы ойлану

Жобаны орындау барысында болған оқушылардағы жақсы өзгерістер, қандай қасиеттер мен дағдыларды дамытқаны туралы ойлану

Топтық жұмыс «Біз қол жеткіздік. Біз әлі де жасай аламыз!» жобаны ұжымдық қорғау

Сабақ 6-сынып «ЖАНЖАЛДЫ БАСҚАРУ ӨНЕРІ» жобалық қызметі

Кезеңдері

- 1.Көпшіліктің арасындамын.
- 2.Тиімді қарым-қатынас дағдылары.
- 3.Жасөспірімдер ортасындағы диджитал.
- 4.Позитивті қарым-қатынастың күші.

Жобалау қызметі сынып сағаттарының мазмұнымен байланысты және сабақтан тыс уақытта 4 кезеңде жүзеге асырылады. Жобалау қызметі барысында алтыншы сынып оқушылары 2-сыныпта менторинг жүргізеді.

Жобалық қызмет бойынша тапсырмалардың мысалдары:

1 - кезең бойынша тапсырма: 2- сынып оқушыларына достық туралы квест әзірлеу және өткізу.

2 - кезең бойынша тапсырма: идеялар марафонын өткізу, оның негізінде балалар таңдау жасайды және идеяны жүзеге асырады. «Буллинг: миссия орындалады» акциясын өткізу. Буллинг мәселесіне назар аударуды қажет ететін парақшаның мәтінін әзірлеу, содан кейін мектепте бұл құбылыстың жолын кесу қадамдарын ұсыну.


Педагогтермен, әртүрлі сынып оқушыларымен өз сұрақтарына негізделген жанжалсыз орта құружолдары туралы сұхбат жүргізу.

Отбасының үлкен мүшелерімен жанжалдарды қалай шешуге болатындығы туралы әңгіме жүргізу. Пікірлер құрастыру.

3 - кезең бойынша тапсырма: мектеп оқушыларының алдында «Интернеттегі қауіпсіздіктің «жанды» жадынамасының» қойылымын көрсетіп, сөз сөйлеуді ұйымдастыру».


4 - кезең, қорытындылау: оқушылар жасаған жағымды қарым-қатынас туралы кеңестер-бейнероликтерді қарау және талқылау.Болашаққа арналған тілектер алмасу.

Жобалау қызметінің өнімдері



Жобалық әдіс мәселенің болуын және оны шешуді көздейді

Мәселені шешу үшін:



Мақсатты, міндеттерді,
мәселені шешу жолдарын
анықтау




Әрекеттерді жоспарлау,
рөлдерді бөлу



Нәтижеге қол жеткізу керек




Табыстың құрамдас бөліктері




ЫНТАЛАНДЫРУ

Өзекті тақырып, ортақ іс-әрекетте дос табу мүмкіндігі, менторлар, волонтерлер қатарынан тәғайындалған тәлімгер




КОНТЕНТ

Тренингілер, эксперименттер, квестер, кейстер, сауалнамалар, жобалық тапсырмалар және т.б.




ӘДІСНАМА

Үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибелер, ұлттық құндылықтар, жас екрешеліктерін ескеру



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Оқушылар, педагогтер, ата-аналар, менторлар, волонтерлер



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**

